

2. Справочник по лесосеменному делу // Под ред. А.И. Новосельцевой А.И. – М., 1978. – с. 335.

3. Прохоров И.А., Потанов С.П. Практикум по селекции и семеноводству овощных и плодовых культур. М.: Колос, 1975. - 304 с.

4. Кентбаев Е.Ж., Кентбаева Б.А. Компьютерные программы «Биометрия», «Дисперсия», «Корреляция» на электронных носителях. - Алматы, 2009.

Божбанбаева П.С., Кентбаев Е.Ж.

ІЛЕ-АЛАТАУ МЕМЛЕКЕТТІК ҰЛТТЫҚ ТАБИҒИ ПАРКІ ЖАҒДАЙЫНДА ARMENIACA VULGARIS L. ПОЛИМОРФИЗМІ

Аңдатпа

Бұл мақалада өрік жемістерінің және тұқымдарының биометриялық көрсеткіштері туралы тәжірибе мәліметтері келтірілген. Зерттелген өсімдіктердің бірқалыпты еместігі сенімді және ерекше айырмашылықтары анықталған. Корреляциялық талдау әдістерімен жеміс салмағы, оның ұзындығы және ені арасында үлкен байланыс бары анықталып отыр.

Кілт сөздер: өрік, жемістер, тұқымдар, ұзындығы, салмағы, диаметрі, ағаш, өсімдік, биометрия, полиморфизм, корреляция.

Bozhbanbayeva P.S., Kentbayev Y.Zh.

THE POLYMORPHISM ARMENIACA VULGARIS L. UNDER THE ILE-ALATAU STATE NATIONAL NATURAL PARK

Annotation

The article carries out the experimental information about biometrical parameters of apricot by lined size of studding plants brought out authentic and essential differences, which indicates for heterogeneity of investigated materials. By the method of correlation analyses were among fruits mass and its length and width.

Key words: apricot, fruit, seeds, length, weight, diameter, tree, plant, biometrics, polymorphism, correlation.

УДК: 634.17:630*161

Ержанқызы М., Кентбаев Е.Ж.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

СЕМЕЙ ҚАЛАСЫ ЖАҒДАЙЫНДА КЕЙБІР ДОЛАНА ТҮРЛЕРІНІҢ СУ АЛМАСУЫ

Аңдатпа

Мақалада Семей қаласы алқа ағаштарда долананың 3 түрін су алмасу деректері келтірілген. Өртүрлі географиялық жерлерде өскен долана түрлерінің жапырақтарында су құрамының тұрақты, әрі жеткілікті болуы, вариация ауқымының аз өзгеруі жерсіндірілген түрлердің өскен ортасына біршама бейімделгенін көрсетіп отыр.

Кілт сөздер: долана, су жоғалтуы, су режимі, интродукция, жапырақтар.

Выводы

Долана - көпжылдық бұталы өсімдік немесе шағын ағаш. Ұзақ тіршілік етеді. Тікенекті бұталы өсімдіктің биіктігі 3-5 метрден 10-12 метрге дейін болып келеді. Тікенектер түрі өзгерген, қысқарған өркендері бар. Олардың ұзындығы 0,5-6-7 см, кейде 10 см – ге дейін болады. Жапырақтарының ұзындығы 1-12 см , жұмыртқа пішіндес. Гүлдері ақ, сирек кей жағдайда қызғылт, диаметрі 1-2 см құрайды. Жемісі алма тәріздес, пішіні домалақ шырынды немесе етжеңді, түсі сарғыш – қызыл сары, 1-5 ағаш тәрізді сүйегі бар.

Табиғатта долана таулы жерлерде, өседі. Кесілген орманды, сирек орманда аз өседі. Орман астында кездеспейді. Долана әр түрлі жағдайда тіршілік етеді, әр түрлі жер бедері мен топырақтарда өсе береді. Қытай жерінің 40 % долана мен орын алады.

Долананың жемісі адам организмі үшін биологиялық құрамға бай. Атап айтқанда долананың жемісінде флавонондтар, органикалық қышқылдар каротиноидтар, майлы құрам, гликозидтар, С, Р, А, К, Е дәрумендері бар. Долананың жемісі ғана емес, гүлі де емдік қасиетімен бағаланады. Гүлінің құрамында каратинонды, ацетилхолин, холин, эфир майы басқа да органикалық заттарға бай. *Crataegus L* барлық ауруға ем және тамақтану мақсатында көп қызмет атқарады.

Қазақстанда долана жабайы түрде өсетін өсімдік ретінде көп жерде кездеседі. Олар бірнеше түрге бөлінеді: қан қызыл доланасы, сонгар доланасы, түркістан доланасы, понтий доланасы, алтай доланасы, алматы доланасы, каспий доланасы.

Қан қызыл доланасы – биіктігі 4 метрдей өсетін бұта немесе ағаш, өркендері жылтыр қызыл түсті берік, жуан, 23,5 см тікенекті болады. Жапырақтары домалақ, жұмыртқа пішінді, шеті ара тісті. Гүлдерінің өзіне тән хош иісі бар. Жемісінің пішіні шар, алма пішіндес ұзын. Қан қызыл долананың жемісі жылтыр, 10 мм диаметрге дейін болады. Дәмі қышқыл тәтті, 3-4 сүйегі бар. Мамыр маусымда гүлдейді, тамызда жеміс береді.

Понтий доланасы – 4-5 м биіктікте өсетін ағаш, тікенегі жоқ желегі биік көтерілген. Жас өркендерімен мамық болып ерекшеленеді. Тамыры тік, 6-14 гүлден таралған. Жемісі ірі, диаметрі 2,5 см-ге дейін болады. Жоғарғы және төменгі бөліктері жалпақ, түсі сарғыш жасылдан, сарғыш қызылға дейін, қызғылт –қызыл нүктелері мен 2-3 сүйегі бар. Жемісінде таңқурайдың дәмі бар шырынды жұмсақ.

Маусым –шілде айларында гүлдейді, қыркүйекте жеміс береді. Тасты тау беткейінде 1000-1200 биіктікте өседі.

Алтай доланасы –тікенсіз немесе қысқа тік тікені бар кішкене ағаш. Өркендері жылтыр, қызыл-қоңыр түсті, қызғылт немесе қып-қызыл түсті болады. Жапырақтары жалпақ үшбұрышты жұмыртқа пішіндес, шеті үшкір тісті, жоғарғы жағы көкшіл жасыл, асты ашық түсті. Гүлі ақ түсті. Жемісі шар немесе жұмыртқа пішіндес, сарғыш қызыл түсті, дәмі жағымды және 4-5 сүйегі бар.

Сонгал доланасы – жіңішке, жылтыр, шие түсті өркендері бар және тік, жуан тікенді кішігірім ағаш. Гүлдері ақ жемісі қышқыл түсті, домалақ 1-2 сүйегі бар.

Түркістан доланасы – биіктігі 6-7 метрге дейін өседі. Жас өркендері жеңіл, қызыл-қоңыр түсті. Жапырақтары 5 бөліктен тұрады. Гүлшоғыры 12-15 гүлден тұрады. Жемісі кішігірім қызыл қышқыл түсі бар. 1 сүйектен тұрады жеуге жарамды, канттылығы аз. Өндірісте қолданылмайды.

Алматы доланасы – жалпақ желекті аласа ағаш. Жас өркендері шие түсті, жылтыр, қылша тікенді, жапырақтары ұсақ, жан-жағы үшкір тісті. Жемісі жалпақ жұмыртқа пішінді, қышқыл қызыл түсті, шырынды 3-5 үшкірлі сүйектен тұрады. Жоңғар және Іле Алатауының беткейлерінде өседі.

Каспий доланасы – тікенсіз кішігірім ағаш. Төменгі жағындағы жапырақтары кері жұмыртқа пішінді, жоғарғы жапырақтары жіңішке, жоғарғы бөлігі үшкір, қосарланған тісті. Гүлшырынының ұзындығы 2,5-4 см , диаметрі 6 см-ге дейін 20 гүлден құралған. Мангшлактың жартылай алқабында көп кездеседі. Бұл аз зерттелген эндемикалық өсімдік. Көбінесе қан қызыл кәдімгі және тікенді доланалар екпе түрінде пайдаланылады. Олар

химиялық құрамы бойынша бірдей, сыртқы түрімен ғана ерекшеленеді. Бұл өсімдіктер топырақ талғамайды, қысқы мерзімге шыдамды. Құрғақшылыққа төзімді бірақ жарықты сүйеді. Жемісі бір рет ғана ісікке шалдықтырмай жиналады. Оны киселге, джемге қайнатпаға пайдаланылады. Кептірілген, қақталған жемісі нан пісіруде қолданылады. Онымен қатар долана ертеден қолданылатын дәрілік өсімдік. Атерослероз кезінде қан айналымын, жүрек неврозын, қан айналымын жетіспеушілігін реттейтін дәрі ретінде қолданылады. Гүлімен жемісінен дайындалған препарат қан қысымын төмендетеді. Қалқанша безінің жұмысын жақсартады. Ұйқысыздықтан жеңілдетеді.



1 сурет – Долананың гүлденуі мен жемістенуі

Долана желек пішіні мен тісімен, жапырақтары мен жемістерімен ерекшеленеді, кесуді жеңіл көтереді. Жасыл қоршау ретінде қолданылады. Доланадан жасалатын жасыл қоршау ұзақтылығымен, беріктігімен және емдік қасиетімен ерекшеленеді. Бақтарда, саябақтарда қорғаныш аймақтарында пайдалануға болады. Долананы екпе ретінде қолдануда дәрілік мақсат үшін ғана емес, декарациялық сапаны арттыру үшін қолданылады. Ара шаруашылығын арттыруға да маңызы зор.

Материалдар мен әдістер

Өсімдіктің құнарлылығы, өмір сүру үшін сулы баланс бірден-бір анықтайтын фактор деп есептеу керек. Сусыз тіршілік ете алмайды. Судың көлемі өсімдіктің ең басты тіршілігінің негізі болып табылады. Ең басты ықпал су мөлшерін тургорда сақтап алу. Долананың физиологиялық биохимиялық әрекетіне судың мөлшерін сақтау керек. Интродуцент зерттеуінде физиологиялық биохимиялық процестің сақталуы өркеннің жақсы дамуына әсер етеді. Өркеннің жақсы дамуы үшін міндетті түрде жарық түсу керек. Олардың орналасуы да басқаша. Долананың жаңадан жиналған жас жапырағын ылғалды фланельдік матаға салып, одан соң полиэтилен пакетіне салса судың буланғанын көреміз. Алты рет қайталама зерттеуден соң төмендегідей судың булану көрсеткіші анықталады.

Зерттеу нәтижелері

Экологиялық жағдайда Семей өңіріндегі интродуцитті зерттеуде өсетін долананы физиологиялық өсуін терең зерттеп меңгеру керек. Суды жоғалтуды математикалық талдаудың қорытындысы төмендегі кесте 1-де көрсетілген.

Жапырақтардағы суды жоғалтудың өзгермелі көрсеткіш коэффициенті Мамаев вариациясының бағалауынша өте төмен. Өсімдіктің өсу жағдайы өте төмен. Долана өркені су жоғалту процесіне өте көндіккен.

Кесте 1- Долана түрлерінің су жоғалтуы

№ р/с	Атауы	Орта мөлшелері $M \pm m$, %	Варияция коэффициенті C_v , %	Тәжірибе дәлдігі P , %	Шектеулері	
					min	max
1	Ал қызыл долана	$14.51 \pm 0,519$	9.0	3.6	12.30	15.97
2	Тікенекті долана	$16.29 \pm 0,576$	9.0	3.5	14.36	18.43
3	Кәдімгі долана	$17.19 \pm 0,383$	5.0	2.2	15.35	17.88

Қорытынды

Егер су өсімдіктің тамырына жеткілікті мөлшерде келсе сулы баланс өсімдікті жақсы коректендіреді. Егер су жеткіліксіз мөлшерде келсе жасушылар тургор жоғалтады. Суды жоғалту климат жағдайына байланысты жел, жоғарғы температура жапырақтың анатомиялық құрлысына әсер етеді.

Әдебиеттер

1. Рубаник В.Г., Жеронкина Т.А. Интродукция деревьев и кустарников Европы в Казахстане. Изд-во «Наука», Алма-Ата, 1980. - С.95-101.
2. Куминов Е.П. Дикорастущие ягодники СССР на службе коллективного и промышленного садоводства // Состояние и перспективы развития редких садовых культур в СССР. Сб. научн.труд. ВНИИ садоводства им. Мичурина. Мичуринск, 1989. - С.3-10.
3. Кентбаева Б.А. Анализ хозяйственно-ценных признаков и отбор перспективных видов боярышника для введения культуру на юго-востоке Казахстана. Автореф. ... докт. биол. наук. – Алматы, 2010. - 45 с.

Ержанқызы М., Кентбаев Е.Ж.

ВОДООБМЕН НЕКОТОРЫХ ВИДОВ БОЯРЫШНИКОВ В УСЛОВИЯХ г. СЕМЕЙ

Аннотация

В статье приведены данные водного обмена 3 видов боярышника г. Семей. Достаточно стабильное содержание воды в листьях у видов боярышника из разных географических пунктов, небольшой размах вариации говорит о некотором приспособлении интродуцированных видов к данным условиям произрастания.

Ключевые слова: боярышник, водопотеря, водный режим, интродукция, листья.

Erzhankyzy M., Kentbayev E.

WATER EXCHANGE CERTAIN CONDITIONS HAWTHORN IN SEMEY

Annotation

In article are given data of a water exchange of 3 kinds of a hawthorn near road plantings of Semey. Stable enough maintenance of water in leaves at kinds of a hawthorn from different geographical points, small scope of a variation speaks about some adaptation introducents kinds to the given conditions of drowth.

Keywords: a hawthorn, water loss, a water mode, introduction, leaves.